

**Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы
мекемелерінің басшы және жедел құрамының киім нысандары туралы Ереже
және нысандық киім, аяқкиім заттары мен жабдықтарын киіп және тағып жүру
тәртібін бекіту туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1993 жылғы 3 мамыр
N 344. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.08.12. N 1247
қаулысымен

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті Қаулы етеді:

1 . М ы н а л а р :

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы
жүйесіндегі басшы және жедел құрамның киім тізбесі N 1 қосымшаға сәйкес;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы
жүйесіндегі басшы және жедел құрамның нысандық киім (арнайы киім), аяқ киім
(арнайы аяқ киім) заттары мен жабдықтарын киіп және тағып жүру Тәртібі (қоса
б е р і л і п о т ы р) ;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы
жүйесіндегі қызметкерлердің нысандық және арнайы киім заттарының тізбесі N
2 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с ;

Келте тондар мен пималар алуға хұқығы бар кедендердің тізбесі N 3
қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с ;

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы
жүйесіндегі қызметкерлерге тегін берілетін нысандық киім мен аяқ киім
заттарының нормалары (қоса беріліп отыр);

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден басқармасы

жүйесіндегі қызметкерлерге тегін берілетін арнайы киім мен арнайы
аяқ киімнің нормалары (қоса беріліп отыр) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бас кеден
басқармасы нысандық киім заттарын тіккізу мен жасату тапсырыстарын
орналастыруды және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің
Бас кеден басқармасы мекемелерінің басшы және жедел құрамын үлестік
нормалары бойынша осы заттармен қамтамасыз етуді ұйымдастырсын.

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 3 мамырдағы
N 344 қаулысына
N 1 Қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
Бас кеден басқармасы жүйесіндегі басшы және
жедел құрамның киімдерінің
ТІЗБЕСІ

Толық мемлекеттік кеңесшіге және кеден
қызметінің I, II, III дәрежелі мемлекеттік
кеңесшілеріне арналған киім нысандары

I/ Бір киер киім нысандары

Қызыл шұғамен тысталған, алтын түсті кокардалы, сұр түсті таза
каракөлден тігілген тік бөрік.

Басқа киетін жерінің жиектері қызылмен көмкерілген, алтын түсті
кокарданың айналасы алтындалған жіппен жиектелген, күнқағарлы және өрме
белбеушелі, ақ түсті жүннен тігілген фуражка.

Сұрғылт қара жүннен тігілген, жиектері қызыл түспен көмкерілген,

погоны бар, қос қаусырма өңірлі пәлте. Жеке тігіледі.

Су өтпейтін қара түсті костюмдік матадан тігілген бір қаусырма
өңірлі жаздық плащ немесе пәлте. Жеке тігіледі.

Ашық ақ түсті жүннен тігілген, жағасы мен жеңінің қайырма тұсы
алтындалған қызыл жіппен жиектелген, погоны бар, қос қаусырма өңірлі
китель. Жеке тігіледі.

Қара-көк галстугі, погоны бар, ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек).

Қызыл түспен жиектелген және лампасты, көгілдір түсті жүн матадан
тігілген балағы түсіңкі шалбар. Жеке тігіледі.

Қара түсті былғары бәтеңкелер (қысқа қонышты бәтеңкелер,
туфлилер).

Ақ түсті мойын орамал.

Ақ түсті былғары қолғап.

Салтанат белбеуі.

2/ Күнделікті киім нысандары

Бір киер киім нысандары тәрізді тік бөрік, пәлте, фуражка, шалбарлар, мойын орамал.

Қызыл түспен жиектелген, жағасы алтынданған жіппен тігілген, погоны бар, ашық көгілдір түсті жүннен тігілген қос қаусырма өңірлі кител. Жеке тігіледі.

Погоны, кара-көк, түсті галстугі бар, көгілдір және ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек).

Су өткізбейтін көгілдір түсті костюмдік матадан тігілген, погоны тігілмелі жаздық пәлте (плащ) плащ (шымқай кара матадан тігіледі). Жеке тігіледі.

Ақ түсті бөкебай.

Сұр түсті мех жағалы, погоны бар, кара-көк матадан мехпен көмкеріп тігілген күрте-бушлат.

Кеден қызметінің I,II,III дәрежелі кеңесшілеріне және кеден қызметінің I,II,III дәрежелі инспекторларына (ерлерге) арналған киім нысандары

Сұр түсті шұғамен көмкерілген, алтын түсті кокардалы, қой терісінен тігілген көгілдір түсті мех құлақшын.

Басқа киетін жері аспан түсті және жиектері көгілдір түспен көмкерілген, кокардасы, алтын түстес өрме жіптері, жиектерінде алтын түсті түймелері бар жүннен тігілген көгілдір түсті фуражка.

Аспан түсті матадан тігіліп, көгілдір түспен жиектелген пилотка.

Шымқай кара шұғадан тігілген, тігілмелі погоны, кеден қызметінің кеңесшілеріне арналған эмблема мен петлица белгілері бар қос қаусырма өңірлі маусымдық пәлте.

Шымқай кара шұғадан тігілген, тігілмелі погондары, кеден қызметінің инспекторларына арналған эмблемалары бар, қос қаусырма өңірлі маусымдық пәлте.

Су өткізбейтін көк түсті матадан тігілген шалбарымен қоса погоны бар жылы күртке.

Су өткізбейтін костюмдік матадан тігілген, погоны тігілмелі жаздық пәлте (п л а щ) .

Көгілдір костюмдік матадан тігілген, тігілмелі погоны кеден

қызметінің кеңесшілеріне арналған эмблема мен петлица белгілері бар қос қаусырма өңірлі пенжак (китель).

Көгілдір костюмдік матадан тігілген тігілмелі погондары мен кеден қызметінің инспекторларына арналған эмблемалары бар қос қаусырма өңірлі пенжак (китель).

Көк түсті матадан тігілген, пагоны бар жаздық комбинезон.

Аспан түсті костюмдік матадан тігіліп, көгілдір түспен жиектелген шалбар.

Ақ және көгілдір матадан тігілген, ағытылмалы пагондары бар күрте-кеудеше (көйлек).

Қара-көк түсті матадан тігілген галстук.

Ақ түсті бөкебай.

Жүн қолғап.

Қара түсті былғарыдан тігілген қысқа қонышты бәтеңке (туфли).

Табиғи былғарыдан тігілген, қысқа қонышты юфті етіктер.

Қара былғары белбеулер.

Қара-көк түсті жартылай жүн шұлықтар.

Сұрғылт, ақ, аспан түстес матадан тігіліп, көгілдір түспен айшықталған погондар. Бекітілген нысандар бойынша металдан жасалған айырым белгілері (жұлдыздар), омырауға тағатын белгілер, кокардалар, эмблемалар, петлицалық белгі.

Кеден қызметінің I,II,III дәрежелі кеңесшілеріне және кеден қызметінің I,II,III дәрежелі инспекторларына (әйелдерге) арналған киім нысандары

Сұр түсті шұғамен көмкерілген, алтын түсті кокардалы, қой терісінен тігілген мех құлақшын.

Көгілдір түсті фетрден тігілген әйелдер телпегі.

Аспан түстес матадан тігіліп, көгілдір түспен жиектелген пилотка.

Қара-сұр шұғадан тігілген, тігілмелі погоны, кеден қызметінің кеңесшілеріне арналған эмблема мен петлица белгілері бар қос қаусырма өңірлі маусымдық п ә л т е .

Қара-сұр шұғадан тігілген, тігілмелі погондары мен кеден қызметінің инспекторларына арналған эмблемалары бар қос қаусырма өңірлі маусымдық п ә л т е .

Су өткізбейтін көк түсті матадан тігілген, шалбарымен қоса погоны бар жылы к ү р т е .

Су өткізбейтін костюмдік матадан тігілген, погоны тігілмелі жаздық пәлте (п л а щ) .

Көгілдір костюмдік матадан тігілген, тігілмелі погоны, кеден

қызметінің кеңесшілеріне арналған эмблема мен петлица белгілері бар қос қаусырма өңірлі пенжак.

Көгілдір костюмдік матадан тігілген, тігілмелі, погондары мен кеден қызметінің инспекторларына арналған эмблемалары бар қос қаусырма өңірлі пенжак.

Көк түсті мақта матадан тігілген, погоны бар жаздық комбинезон.

Көгілдір костюмдік матадан тігілген белдемше.

Көгілдір костюмдік матадан тігілген, ағытылмалы погондары бар көйлек.

Ақ және көгілдір матадан тігілген, ағытылмалы погондары бар күрте-кеудеше (көйлек).

Қара-көк түсті матадан тігілген галстук.

Ақ түсті бөкебай.

Жүн қолғап.

Қара түсті былғарыдан тігілген туфли.

Қара түсті былғарыдан тігілген қыстық жылы етік.

Қара-көк түсті жартылай жүн шұлықтар.

Сұрғылт, ақ, аспан түстес матадан тігіліп, көгілдір түспен айшықталған погондар.

Бекітілген нысандар бойынша металдан жасалған айырым белгілері (жұлдыздар), омырауға тағатын белгілер, кокордалар, эмблемалар, петлицалық белгі, түймелер.

Арнайы киімдер

Табиғи мехтан тігілген келте тон.

Пималар.

Халаттар.

Әйелдерге арналған хром бәтеңке.

Қысқа қонышты және басы табиғи мехтан тігілген ерлер етігі.

Қозғалмай тұрғанда түсетін салмақтан және қалжыраудан

сақтайтын бәтеңкелер.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1992 жылғы "3" мамырдағы
N 344 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас кеден
басқармасы жүйесіндегі басшы және жедел құрамының нысандық
киім (арнайы киім), аяқ киім (арнайы аяқ киім)
заттары мен жабдықтарын киіп және тағып жүру

ЕРЕЖЕСІ

I. Жалпы ережелер

1. Киім нысандарын киіп жүру құқығын өздеріне берілген арнаулы атақтарға сәйкес, Бас кеден басқармасы жүйесіндегі мекемелердің басшы және жедел құрамдағы адамдары иеленеді.

2. Осы Тәртіп оның I тармағында көрсетілген адамдардың киім нысандарын киіп жүруі тәртібін реттейді.

3. Киілетін киім нысандары заттары белгіленген үлгілер мен сипаттамаларға сай болуға тиіс, мұқият шақтап тігіліп, мінсіз таза күйде күтіп-ұсталуы керек. Қызмет уақытында азаматтық киім киюге белгіленген тәртіппен рұқсат етілген адамдардан басқа басшы және жедел құрамның адамдары өздеріне берілген арнаулы атаққа сәйкес қызмет уақытында өздері үшін белгіленген киім нысандарын киіп жүруге міндетті.

4. Басшы және жедел құрамдағы адамдар үшін бір киер, күнделікті және арнаулы киім нысандары белгіленген, олардың әрқайсысы жаздық және қыстық киім болып бөлінеді.

5. Бір киер киім нысандары жоғары басшы құрамның адамдары үшін көзделген.

6. Киім нысандары мынадай жағдайларда:
бір киер- Бас кеден басқармасына ордендер мен тулар тапсырылған кезде; мемлекеттік наградалар алған кезде; салтанатты мәжілістерде, ресми қабылдауларда, сондай-ақ мереке күндерінде киіледі.

Сонымен бірге бір киер киім нысандарын қызметтен бос уақытта

киіп жүруге рұқсат етіледі;

күнделікті- қызмет міндеттерін орындау кезінде, сабақтарда және қызметтен бос уақытта киіледі.

Арнаулы киімдер - арнаулы жұмыстарды орындауға байланысты қызмет міндеттерін орындау кезінде киіледі.

7. Мыналарға:

белгіленбеген үлгідегі киім нысандары заттарын, жабдықтарды, аяқ киімді киіп, айырым және омырау белгілерін тағып жүруге;

ерекше көзделген жағдайда болмаса, арнаулы киім нысандары заттарын, сондай-ақ азаматтық киімді бір мезгілде киіп жүруге тыйым салынады.

Жоғары басшы құрамының киім нысаны

Бір киер киім нысаны:

Жазғы

Фуражка, балағы түсіңкі шалбарлы китель, қара-көк түсті галстук, ақ түсті көйлек, қара түсті (қысқа қонышты бәтеңке, туфли) бәтеңкелер, әсем белбеу, ақ түсті қолғаптар.

Қысқы

Бөрік, сұрғылт-қара түсті қос қаусырма өңірлі жүн матадан тігілген пәлте, китель, балағы түсіңкі шалбар, қара-көк түсті галстук, ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті (қысқа қонышты бәтеңке) бәтеңкелер, әсем белбеу, ақ түсті қолғаптар, ақ түсті мойын орамал.

Күнделікті киім нысаны:

Ж а з ғ ы

Фуражка, қара түсті плащ, китель, балағы ұзын немесе етіктің ішіне жіберілген шалбар және қара-көк түсті галстук, жазғы комбинезон, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті (қысқа қонышты бәтеңке, туфли) бәтеңкелер немесе етіктер.

Қ ы с қ ы

Бөрік, сұрғылт-қара түсті жүн матадан тігілген қос қаусырма өңірлі пәлте немесе қара-көк түсті жылы (бушлар) күрте, китель, балағы түсіңкі немесе етіктің ішіне жіберілген шалбар, қара-көк түсті галстук, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті (қонышты қысқа бәтеңке) бәтеңкелер немесе етіктер, қоңыр түсті қолғаптар, ақ түсті мойын орамал.

Басшы және жедел құрам киімінің нысаны
Күнделікті киім нысаны:

Ж а з ғ ы

Фуражка, пилотка, плащ, жазғы пәлте, балағы түсіңкі шалбар мен пенжак, жазғы комбинезон, қара-көк түсті галстук, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), шалбар мен көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті қысқа қонышты (туфли) бәтіңкелер.

Қ ы с қ ы

Құлақшын, пәлте, жылы күрте, балағы түсіңкі немесе етіктің ішіне жіберілген шалбар, қара-көк түсті галстук, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті (қысқа қонышты бәтеңке) бәтеңкелер, жылы етіктер, жүн қолғап, ақ түсті б ө к е б а й .

Басшы және жедел құрамдағы әйелдердің киім нысандары
Күнделікті киім нысаны:

Ж а з ғ ы

Фетрлі бас киім, пилотка, плащ немесе жазғы пәлте, көгілдір түсті белдемшелі пенжак, көгілдір түсті матадан тігілген көйлек, күрте-кеудешемен киетін (көйлекпен) белдемше, жазғы комбинезон, қара-көк түсті галстук, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қара түсті туфли, ақшыл-қоңыр, қоңыр немесе с ұ р түсті ш ұ л ы қ т а р .

Қ ы с қ ы

Құлақшын, маусымды пәлте, жылы күрте, белдемшелі пенжак, қара-көк түсті галстук, көгілдір немесе ақ түсті күрте-кеудеше (көйлек), қысқы етіктер, ақшыл-қоңыр сұр түсті шұлықтар, қолғаптар, ақ түсті бөкебай.

Киім мен аяқ киімнің жекелеген заттарын киіп жүру

1. Бөрік, құлақшын, фуражка, фетрлі бас киім мен пилотка олардың төменгі жиегі қастың үстінен бір-екі елідей жоғары жерде тұратындай, ал фуражканың күнқағары қас деңгейінде болатындай етіп киіледі. Кокарданың орта шені кеңсіріктің үстінде тұруы тиіс. Бөрік, мех құлақшын, фуражка, фетрлі бас киім мен пилотка оң жаққа қарай аздап қисайтып, ал құлақшын мен фуражка қ и с а й т ы л м а й т у р а к и і л е д і .

2. Жазғы пәлте мен плащ белбеуі ілінген күйінде киіледі. Жазғы пәлте мен плащтың етегі мен еденнің арақашықтығы 42-45 сантиметр.

3. Кителдің, пенжак пен күртенің барлық түймелері қадалады.

4. Күрте-кеудеше (көйлек) сыртында китель, пенжак немесе күрте болғанда

галстукпен ғана киіледі.

5. Жүн матадан тігілген және жазғы көйлектер галстуксіз киіледі.

6. Галстук сырт көйлекке оның жоғарғы жағындағы үшінші және

төртінші түймелер аралығына белгіленген үлгідегі қысқышпен бекітіледі.

7. Аяккиім әрдайым таза болуға тиіс. Бәтеңкелер (қысқа қонышты бәтеңкелер, туфли) ұқыпты түрде баулануы қажет.

8. Бөкебай пәлте (плащ) жағасынан ішіне ұқыпты түрде салынады.

9. Пәлте мен бүрме көйлектің, мех күртелердің барлық түймелері салынады.

10. Омыраулық айырым белгі төстің сол жағына тағылады. Бұл орайда оның жоғары шетінің ортасы:

пәлтеде - жоғары шетіндегі екінші түйменің орта шенінде және одан 40 мм солға қарай;

күртелерде - ілгек бойынша 120 мм төмен және одан 120 мм солға қарай;

жазғы пәлтеде, плащта, пенжакта - қайырманьың жанасқан деңгейінде және одан 40 мм солға қарай орналасады;

күрте-кеудешеге (көйлекте) және сыртқы киімде белгі төс қалтаның үстіңгі жағынан тігісі жымдасқан жерінің ортасына тағылады.

Айырма белгілері

1. Нысанды киім (арнайы киім)заттарына погондар тағылады: бекіту тәсілі бойынша- тігілмелі, ағытылмалы болады.

Пәлтеге, плащқа (жоғары басшы құрамнан басқалар), кительге, пенжакқа және жылы күртеге тігілмелі погондар;

жоғары басқарушы құрамның плащына, күрте-кеудешеге (көйлекке), сыртқы жазғы көйлекке - ағытылмалы погондар тағылады.

2. Түр -түсі бойынша:

жоғары басшы құрамның кителіне - алтын түстес;

аға және кіші басшы және жедел құрамның пенжагіне - сұрғылт түсті;

ақ түсті күрте-кеудешелерге (көйлектерге) - ақ түсті;

көгілдір түсті күрте-кеудешелерге (көйлектерге) - көгілдір түсті погондар тағылады.

Бас кеден басқармасы жүйесінің жоғары, аға және кіші басшы және жедел құрамының погондарында атағына сәйкес алтын түсті стильденген он қырлы

жұлдыздар мынадай тәртіппен орналастырылады.

К е с т е

3. Погондардағы жұлдызшалар:

Толық мемлекеттік кеңесшіде, Мемлекеттік кеңесшілерде - дәл орта желісінің ұзына бойына;

Кеден қызметінің I дәрежелі кеңесшісінде - төменгі екі жұлдызша - ақ жолақтарға, үшіншісі алғашқы екеуінен жоғары дәл орта желісінің ұзына бойына;

Кеден қызметінің II дәрежелі кеңесшісінде - екі төменгі жұлдызшалары - ақ жолақтар бойынша;

Кеден қызметінің III дәрежелі кеңесшісінде - екі төменгі жұлдызшылары - дәл орта желісінің ұзына бойына;

Кеден қызметінің I дәрежелі инспекторында - төменгі жұлдызшалары - погонның шеттері мен ақжолағы арасында бір-бірден, үшіншісі мен төртіншісі - алғашқы екеуінен жоғары ақжолақта;

Кеден қызметінің II дәрежелі инспекторында - төменгі жұлдызшалары - погонның шеттері мен ақжолақ арасында бір-бірден, үшіншісі алғашқы екеуінен жоғары ақжолақта;

Кеден қызметінің III дәрежелі инспекторында - погон шеттері мен ақжолақ арасында бір-бір жұлдызшадан орналастырылады.

4. Жоғары басшы құрамның мундирі, кителі жағасының жиектерінде, киімінің петлицаларында - алтын түстес лавр жапырақшасы болады.

Аға, кіші басшы құрамның және жедел құрамның пәлтесі, плащы, костюмі жағасының жиектерінде бүйір тұсынан 30 мм және төменгі жағынан 40 мм қашықтықта "кеден қызметінің белгісі" эмблемасы болады.

Кеден қызметінің кеңесшілері үшін жағаның төменгі және бүйір шеттерінің эмблемасы аралығында жаға жиектерінің 110 градус бұрышында алтын түстес өрнекпен тігілген немесе осындай түстегі металдан қалыптау әдісімен жағаның шетінен 5 мм қашықтықта жасалған жолақ орналасады.

5. Ағытылмалы погондарда:

Аға, кіші басшы және жедел құрам үшін - "кеден қызметінің белгісі" эмблемасы болады.

6. Аға, кіші басшы және жедел құрамның құлақшыны мен фуражкасында бас киімнің белгісі тағылады.

Жазғы арнайы киім - телпектер мен пилоткаларда кеден қызметінің белгісі орналасқан стильдік қалқан түріндегі белгі тұрады.

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы "3" мамырдағы

№ 344 қаулысына
№ 2 Қосымша
Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің
Бас кеден басқармасы жүйесіндегі қызметкерлердің
нысандық және арнайы киім заттарының
Т І З Б Е С І
К е с т е

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы "3" мамырдағы
№ 344 қаулысына
№ 3 Қосымша

Келте тондар мен пималар алуға құқығы бар кедендердің
Т І З Б Е С І К е с т е

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы "3" мамырдағы
№ 344 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас
кеден басқармасы жүйесіндегі қызметкерлерге тегін
берілетін арнайы киім мен арнайы аяқ киімнің
Н О Р М А Л А Р Ы

Кесте

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы "3" мамырдағы
N 344 қаулысымен
Бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Бас кеден
басқармасы жүйесінің қызметкерлеріне тегін берілетін
нысандық киім заттары мен аяқ киімнің
Н О Р М А Л А Р Ы
К е с т е

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК